

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ

**ТАСҚАЛА АУДАНЫДЫҚ ТІРКЕУ ЖӨНЕ ЖЕР
КАДАСТРЫ БӨЛІМІ**


№ 14 / 07 / 2021

ЗАҢДЫ ҰЙЫМ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН ҚАЙТА ӨТКІЗІЛДІ

№ 49-1926-12-НАО-МК Күні 14 / 04 / 1999 ж.

КЕЛІСІМДІ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 990990000622 БСН

20 21 жылғы «05» сәуір № 1
Батыс Қазақстан облысы
білім басқармасының
бұйрығымен бекітілген



«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімінің

«Мектептен тыс жұмыс орталығы»

мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

ЖАРҒЫСЫ

Тасқала ауылы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімінің «Мектептен тыс жұмыс орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны (бұдан әрі – кәсіпорын) функцияларын жүзеге асыру үшін мекеме ұйымдық құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес мекеме болып табылады.

2. Кәсіпорын Батыс Қазақстан облысы әкімінің 6 сәуір 1999 жылғы №45 шешіміне сәйкес құрылған.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Батыс Қазақстан облысының әкімдігі болып табылады.

4. Тиісті саланың уәкілетті органы, сондай-ақ оған байланысты кәсіпорынның мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган «Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады (бұдан әрі – мемлекеттік басқару органы).

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасы болып табылады.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілері, осы Жарғы және ішкі тәртіп ережелері негізінде әрекет етеді.

6. Кәсіпорынның мемлекеттік тілдегі атауы: (мемлекеттік меншіктің түріне тиесілігін, ұйымдық құқықтық нысаны мен ведомстволық бағыныстылығын көрсету): «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімінің «Мектептен тыс жұмыс орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны. Мекеменің орыс тіліндегі толық атауы: Государственное коммунальное казенное предприятие «Центр внешкольной работы» отдела образования Таскалинского района управления образования акимата Западно-Казахстанской области».

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 091000, Батыс Қазақстан облысы, Тасқала ауданы, Тасқала ауылы, Абай көшесі 5а.

2-тарау. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

9. Кәсіпорын басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды, Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3-тарау. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні:

1) жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған сапалы қосымша білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) жеке тұлғаның зияткерлік, шығармашылық, дене бітімі мүмкіндіктерін дамыту, олардың қабілеттерін іске асыру;

3) адамгершілік, салауатты өмір салты, экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру;

4) азаматтылық пен патриотизмге, өз Отанына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты:

1) балаларға арналған мемлекеттік мекемелерінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес білім алушылардың білім алу және мәдени қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыру;

2) балалар үшін балаларға арналған білім беру қызметтерінің қолжетімділігін, олардың қосымша білім алу үшін арнайы жағдайларды қамтамасыз ету;

3) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

4) балалардың шығармашылық әл-ахуалын және шығармашылық белсенділігін дамыту үшін жағдай жасау;

5) қоғам өміріне бейімдеу;

6) балалардың бос уақытын мазмұнды әрі тиімді ұйымдастыру;

7) білім алушыларды көркем-театр және бейнелеу өнері, хореография, вокал, эстетикалық тәрбие беру, табиғи талабы және қабілетін дамыту.

14. Мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын педагогтар, әдіскерлер, ұйымдастырушы педагогтар және оларға теңестірілген (бұдан әрі – педагогтар), тиісті бейіндегі мамандар жүзеге асырады;

2) Қосымша білім беру бағдарламасын іске асыру кезінде оқу-тәрбие процесі балаларға арналған қызығушылықтары бойынша шығармашылық және техникалық үйірмелерінде жүзеге асырылады;

3) Балаларға қосымша білім беру қызығушылықтары бойынша бірыңғай жастағы және түрлі жастағы үйірмелерде жүзеге асырылады және ерікті түрде таңдауына негізделеді;

4) Әр бала бірнеше үйірмелерге қатысуына және қалаулары бойынша ауыстырып отыруларына құқылы.

5) Үйірме қызметі оқу жоспарлары мен қосымша білім беру бағдарламалары арқылы іске асырылады;

6) Жалпы оқу процесіне қатысушылардың мүмкіндіктері мен талаптарына сәйкес оқыту мен тәрбиелеуді мемлекеттік және орыс тілінде қамтамасыз етеді;

7) Сабақтар бір тақырыптық бағыттағы қосымша білім беру бағдарламалары немесе кешенді, кіріктірілген бағдарламалар бойынша барлық оқу жылына ұйымдастырылады.

15. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тарау. Кәсіпорынды басқару

17. Жергілікті атқарушы органның және жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша:

18. Құрылтайшы:

1) Кәсіпорындарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды.

19. Тиісті саланың уәкілетті органы:

1) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға өкілеттік береді;

2) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (қызметтер) көлемін анықтайды;

3) Кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

4) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

5) Коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

6) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

7) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

8) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;

9) Кәсіпорын мүлкінің есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

10) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

11) шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін белгілейді;

12) Осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

13) Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы рәсімдейді.

20. Басшы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Заңнамамен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді, егер Заңнамалық актілерімен және осы жарғымен өзгеше белгіленбесе.

21. Басшы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады.

8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына кандидатуралар ұсынады;

9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) жеке жауаптылықта болады:

қаржы - шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сақталуы үшін;

таза табыстың белгіленген бөлігін уақтылы бюджетке аудармағаны үшін.

11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

12) Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

22. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі:

1) Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

2) Кәсіпорын Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес белгіленген шекте оқу-тәрбие процесін жүзеге асыруда, кадрларды іріктеу мен орналастыруда, ғылыми, қаржы-шаруашылық және өзге де қызметте дербес болады.

3) Кәсіпорын балалардың сұраныстарын, отбасының, білім беру ұйымдарының қоғамдық ұйымдардың қажеттіліктерін, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін, ұлттық-мәдени дәстүрлерді ескере отырып, қосымша білім беру бағдарламаларын дербес әзірлейді.

4) Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын педагогтар, әдіскерлер, ұйымдастырушы педагогтар және оларға теңестірілген (бұдан әрі – педагогтар), тиісті бейіндегі мамандар жүзеге асырады.

5) Жетекші кадрлар мен педагогтарды, сондай-ақ, балаларға қосымша білім берудің мемлекеттік ұйымының тиісті бейіндегі мамандардың біліктілігін арттыру кем дегенде 5 жылда 1 рет жүзеге асырылады.

6) Педагогикалық, қамқоршылық, әдістемелік кеңестер, педагогикалық этика кеңесі мемлекеттік мекемесінің алқалы басқару

нысандары болып табылады. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымын тікелей басқаруды басшы жүзеге асырады.

7) Кәсіпорынның білім беру процесінде тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы ескеріле отырып жүзеге асырылады.

8) Кәсіпорын балалармен жұмысты күнтізбелік жыл бойы ұйымдастырады.

9) Кәсіпорын орта білім беру ұйымдарымен бірлесіп, сабақ уақытында немесе сабақтан тыс уақытта жалпы білім беру пәндері мен қосымша білім беру бойынша сабақтарын кіріктірілген түрде өткізеді.

10) Кәсіпорынның қосымша білім беру педагогтары топты дұрыс іріктеп, оқушылармен оқу-тәрбие жұмысын жүргізеді, олардың сабаққа қатысуын және тәртібін қадағалайды. Балалардың өмірі мен денсаулығына, оқу бағдарламасының орындалуына, сабақтың жүргізілу қауіпсіздігін және санитарлық-гигиеналық талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

11) Карантиндік шаралар мен төтенше жағдай кезінде оқу процесін ұйымдастыру қашықтан және штаттық форматта ұйымдастырылады.

12) Қосымша білім беру педагогтары топтың қызметін қосымша білім берудің шығармашылық және техникалық бағытына арналған білім бағдарламасымен сондай-ақ, әдістемелік немесе педагогикалық кеңеспен бекітілген авторлық бағдарламалармен жүзеге асырылады.

13) Қосымша білім беру ұйымдарындағы сабақтың ұзақтығы 40 минутты құрайды. Қажет жағдайда біріккен (80 минут) сабақтар болып табылады. Сабақтар арасында кемінде 10 минуттық үзіліс қарастырылуы керек.

14) Бірінші жылғы барлық бейіндер бойынша үйірмелерде оқыту аптасына 4 академиялық сағат көлемінде (2 сағаттан 2 рет) барлығы 144 сағат жүргізіледі. Үйірменің сабақ кестесі аптада оқушының бос уақытын тиімді пайдалануы мен шұғылдануына, жас ерекшеліктері мүмкіндігін және санитарлық-гигиеналық норманы есепке ала отырып құрылады. Үйірмедегі топтар 1-ші оқу жылы кемінде 10-15 дейінгі адамнан, 2-ші және келесі оқу жылдары 8-12 дейінгі адамнан құралады.

15) Оқу процесінің қатысушылары 6-17 жас аралығындағы оқушылар, педагогикалық қызметкерлер, ата-аналар және заңды өкілдер болып табылады.

16) Балаларды үйірмеге қабылдау «Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету стандартына және Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде қабылданады.

17) Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту бойынша үйірме тобы кемінде 3 адамнан 6 адамға дейін құрылады.

18) Мектепке дейінгі балаларға арналған үйірмелерде оқыту аптасына 2 академиялық сағаттан ұзақтығы 25-35 минут болып табылады. Сондай-ақ, үйірме тобы кемінде 6 адамнан 10 адамға дейін құрылады.

19) Екінші және үйірмедегі келесі жылғы оқулар аптасына академиялық сағат (2 рет 3 сағаттан), барлығы жылына 216 сағат болады.

20) Үйірме жұмысының жоспары бағдарлама негізінде жарты жылға немесе бір жылға құрылады. Оқу сабақтары бойынша: ағымдағы жылдың 1 – 14 қыркүйек аралығы топты біріктіру, үйірмені жинақтау жұмыстары жүргізіліп, 15-ші қыркүйектен кешікпей үйірме сабағы басталады және келесі жылғы 25 мамырда аяқталады. Жазғы демалыс кезінде үйірме жұмысы арнайы бағдарлама мен кесте бойынша байқаулар ұйымдастыру формасында жүргізіледі.

21) Практикалық сабақты өткізуге арналған (экскурсиялар, байқаулар) сағат саны тәулігіне 8 сағат болып саналады.

22) Кәсіпорын балалар мен ата-аналарына (заңды өкілдеріне) көпшілік іс-шаралар өткізеді, қажетті жағдай жасап демалыс пен бірлескен еңбекті ұйымдастырады.

23) Кәсіпорын Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңымен белгіленген тәртіппен білім беру саласындағы уәкілетті органның бағыты бойынша халықаралық, басқа ведомстволардың, қоғамдық ұйымдардың қызметіне қатыса алады.

24) Кәсіпорын әкімшілігі мен оның қызметкерлерінің еңбек қатынасы Қазақстан Республикасының Еңбек Заңы және Жарғы бойынша белгіленеді.

25) Кәсіпорынның қызметкерлері мекеме директоры бекіткен лауазымды міндеттеріне сәйкес өз жұмыстарын атқарады.

26) Кәсіпорынның штаттық кестесін еңбекке ақы төлеу қоры шегінде уәкілетті органмен келісе отырып, басшы бекітеді.

27) Кәсіпорын қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалады және «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйым қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен реттеледі.

23. Педагог қызметкердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі.

1) Кәсіпорын қызметкерлері Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген әлеуметтік кепілдіктерді пайдаланады;

2) Кәсіпорында, оның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін қажетімді нысанда ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен, оның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін дайындалған оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуге;

3) үйірме сабағына жүйелі қатысуға, әрдайым теориялық, жалпы және арнайы дайындығын арттыруға, шеберлігін жетілдіруге, топтық сабақтардың белгіленген жоспарларын орындауға;

4) ішкі тәртіп ережелерін және техника қауіпсіздігін сақтауға;

- 5) дүние-мүлікке және құралдарға ұқыптылықпен қарауға міндетті;
- 6) әртүрлі үйірме жұмыстарына қатысуға және оны ауыстыруға;
- 7) байқауларға, конкурстарға, шығармашылық жұмыс көрмелеріне, жарыстарға қатысуға құқылы;
- 8) Кәсіпорын Жарғысын, ішкі тәртіп Ережелерін жүйелі түрде бұзғаны, себепсіз сабақ қалдырғаны үшін оқушыларға мүлде шығарып жіберуге дейін әсер ету шаралары қолданылады;
- 9) Педагогтік қызметпен айналысуға тиісті бейіні бойынша арнайы педагогтік немесе кәсіптік білімі бар адамдар жіберіледі.
Кәсіпорынға жұмысқа:
 - 10) медициналық қарсы көрсетілімі бар;
 - 11) психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде есепте тартатын адамдар;
 - 12) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген шектеулер негізінде жіберілмейді;
 - 13) кәсіби қызметіне арналған жағдаймен қамтамасыз етіле отырып, педагогтік қызметпен айналысуға;
 - 14) ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыспен айналысуға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге, бірнеше үйірмеде жұмыстануға;
 - 15) бес жылда бір реттен сиретпей, ұзақтығы төрт айдан аспайтын біліктілігін арттыруға және мерзімінен бұрын аттестатталуға;
 - 16) өзінің кәсіптік ар-намысы мен қадір-қасиетінің қорғалуына;
 - 17) әскери қызметке шақырылу мерзімінің кейінге қалдырылуына;
 - 18) өзінің кәсіптік құзыреті саласында тиісті теориялық және практикалық білімді және оқыту дағдыларын меңгеруге;
 - 19) педагогтік әдеп қағидаларын сақтауға;
 - 20) білім алушылар жасаған, оның ішінде білім алушыларға қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтар фактілері туралы не өздеріне белгілі болған, мемлекеттік мекемеден тыс жерде болған осындай құқық бұзушылықтар жасау фактілері туралы құқық қорғау органдарына дереу хабарлауға міндетті;
 - 21) Міндеттерін бұзғаны және педагог жұмыскер атағына кір келтіретін теріс қылық жасағаны үшін педагог жұмыскер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа тартылуы мүмкін;
 - 22) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, педагог жұмыскерлерді өздерінің кәсіптік міндеттерін орындаумен байланысы жоқ жұмыс түрлеріне тартуға жол берілмейді;
 - 23) Педагог жұмыскерлердің білім беру процесін саяси үгіттеу, діни насихат жүргізу мақсатында немесе білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу үшін пайдалануына тыйым салынады;

24) Кәсіпорынның басшылығы мен еңбек ұжымы арасындағы өзара Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

5-тарау. Кәсіпорынның мүлкі

24. Кәсіпорынның мүлкін құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

25. Кәсіпорын мүлкі бөлінбейді және салымдары бойынша (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері мен пайлар) оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлері арасында бөлінбейді.

26. Кәсіпорынның мүлкі мыналардан құралады:

- 1) меншік иесі берген мүліктен;
- 2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған (ақша кірістерін қоса есептегенде) мүліктен;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздерден.

27. Кәсіпорынның қарамағында оның Жарғылық мақсаттарында көзделген қызметті қамтамасыз ету үшін оған қажетті не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлік қана бола алады.

28. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

29. Жедел басқару құқығындағы мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша сатып алған мүлік меншік құқығын алу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның жедел басқаруына түседі.

30. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе меншік иесінің шешімінде өзгеше белгіленбесе, меншік иесі оны Кәсіпорынға бекітіп беру туралы шешім қабылдаған мүлікке оралымды басқару құқығы Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекітіп берген кезде туындайды.

31. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

32. Кәсіпорынның мүлкін жедел басқару құқығы меншік құқығын тоқтату үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінде көзделген негіздер мен тәртіп бойынша, сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының заңында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

33. Кәсіпорын мемлекеттік басқару органының жазбаша келісімімен филиалдар құруға құқылы:

34. Осы Жарғының 5.30 көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті мемлекеттік басқару органының жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

35. Кәсіпорын жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

6-тарау. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

36. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады. Кәсіпорынды қызметтік қаржыландыру Қазақстан Республикасының бюджет кодексінде белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

7-тарау. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

37. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына, шағын және орта бизнеске арналған халықаралық стандартқа немесе жедел басқару құқығындағы халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес тиісті саланың уәкілетті органымен немесе жергілікті атқарушы органмен келісу бойынша кәсіпорын басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

38. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

8-тарау. Кәсіпорынның жауапкершілігі

39. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын өзінің міндеттемелері бойынша өз билігіндегі ақшамен жауап береді. Осы заңды тұлға таратылған жағдайларды қоспағанда, қазыналық кәсіпорынның қалған мүлкін өндіріп алуға жол берілмейді.

40. Жедел басқару құқығындағы кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

9-тарау. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

41.Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл аудандық білім беру бөлімі белгілейді.

42.Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорынның қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысымен белгіленеді.

10-тарау. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

43.Кәсіпорын әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, ұжымдық шартқа сәйкес белгіленеді.

44. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

11-тарау. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

45. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

46. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін құрылтайшы қайта бөледі.

47. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

12-тарау. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

48.Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар мемлекеттік басқару органының бұйрығымен енгізіледі.

ҮЛГІ ЖАРҒЫ
НЕГІЗІНДЕ
ТІРКЕЛГЕН

Немірленген және тігілген

1 бастап 12 дейін бет

Беттер саны Он екі 12

